

Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 174 "Селолық округтер, Тоғызақ селосы және Қарабалық кенті әкімдеріне кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 250 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 шілдеде № 4933 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 59 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 12.03.2015 № 59 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңы 28-бабының 6- тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 - бабына сәйкес, Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 174 "Селолық округтер, Тоғызақ селосы және Қарабалық кенті әкімдеріне кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4166 тіркелген, аудандық "Айна" газетінде 2013 жылы 11 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілде мәтінің басында және бұдан әрі: "селолық", "селосы" деген сөздер: "ауылдық", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Исмағұлов

КЕЛІСІЛДІ:

Қ а р а б а л ы қ а у д а н д ы қ
с ай ла у к о м и с с и я с ы н ы ң т ө р а й ы м ы

Т.Салмина